

## Ақтоғай ауданының 2012 жылы әлеуметтік төлем алуға құқылы азаматтар санаттарын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 ақпандағы N 11/2 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 16 наурызда N 12-4-113 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 мамырдағы N 27/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2012.05.30 N 27/5 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабына, Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес, әлеуметтік төлем алуға құқылы азаматтар санаттарын анықтау мақсатында Ақтоғай аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік төлем алуға құқылы келесі азаматтар санаттары бекітілсін:
    - 1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар;
    - 2) онкология ауруынан емделуді қажет ететін азаматтар;
    - 3) табыстары азық-түлік себетінің мөлшерінен аспайтын азаматтар;
    - 4) табыстары азық-түлік себетінен аспайтын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балалар жәрдемақысын алушылар, зейнеткерлер;
    - 5) Чернобыль атом электростанциясы апатының зардабын жоюға қатысушылар және Ауған соғысының жауынгерлері;
    - 6) жетім балалар;
    - 7) орта мектептердің түлектері - облыс әкімінің гранты бойынша жоғары оқу орындарында оқитын табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспайтын азаматтар және қамтамасыз етілген отбасыларындағы, жетімдер;
    - 8) ағымдағы жылы ауданға жұмысқа орналасуға келген жоғары медициналық оқу орындарының түлектері;
    - 9) Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектері;
    - 10) Ұлы Отан соғысына қатысушыларына теңестірілгендер:
- Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда мінсіз жауынгерлік қызмет және

жанкешті еңбегі үшін бұрынғы КСРО орденімен және медалімен марапатталған  
т ұ л ғ а л а р ;

қайтадан неке құрмаған Ұлы Отан соғысында қайтыс болған жауынгерлердің  
ж е с і р л е р і ;

бейбіт өмірде қайтыс болған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қайтадан неке  
қ ұ р м а ғ а н ж е с і р л е р і ;

гетто және шоғырландыру лагерлердің тұтқындары;

11) Ақтоғай ауданында тіркелген "Ақтоғай ауданының туберкулезге қарсы  
ауруханасы" мемлекеттік мекемесінде тіркеуде тұрған туберкулезбен  
ауыратындар және оқу орындарында анықталған туберкулезбен ауыратын  
жоғары оқу орындарының және колледж студенттері;

12) балалық сал ауруымен ауыратын мүгедек-балалары бар отбасылары;

13) мүгедек балалар;

14) барлық топтағы мүгедектер;

15) 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеуші, жалғызбасты аналар;

16) жерлеу үшін табысына және отбасы құрамына тәуелсіз келесі санаттағы  
азаматтардың (зейнетақы және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы  
тұлғалардан басқа) отбасылары:

жұмыспен қамту орталығында тіркеуде тұрған жұмыссыздар;

жұмыспен қамту ұйымдарында тіркеуде тұрғанына қарамастан зейнетақылық  
жасқа дейінгі жұмыс істемегендер: ер азаматтар - 60 жастан, әйел адамдар 55  
ж а с т а н ;

жұмыспен қамту ұйымдарында тіркеуде тұрғанына және жасына қарамастан  
жұмыс істемеген Ауған соғысының іс-әрекетіне қатысушылар, Чернобыль атом  
электростанциясының апатын жоюға қатысушылар;

17) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан  
қаражатсыз қалған тұлғалар;

18) коммуналдық қызметті өтеу үшін аз мөлшерде зейнетақы алушы  
з е й н е т к е р л е р ;

19) жақын туыстары жоқ зейнеткерлер;

20) "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелген және кәсіби  
дайындау және қайта дайындауға жіберілген азаматтар;

21) бейбіт өмірде қайтыс болған әскери қызметкерлерінің отбасылары;

22) уақытында, 12 аптаға дейін емдеу мекемесіне жүктілігі бойынша тіркеуге  
тұру үшін жүгінген жүкті әйелдер;

23) қант диабетімен ауыратын азаматтар;

24) табыстары азық-түлік себетінен аспайтын 1 жасқа дейін кеуде сүтімен  
емізу жасындағы балалары бар отбасылары;

25) Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Заңында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтоғай аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала және заңдылық мәселесі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін 10 күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*мәслихат хатшысы*

*С е с с и я                    т ө р а ғ а с ы ,*  
*Т. Мұқанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК